

## ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

### тауарларды сатып алу туралы

<тауардың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17 тармағының 1) тармақшасына сәйкес <хаттама бекітілген күн> тендер тәсілімен <тауардың атауы> сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_ сатып алу порталында тендер тәсілімен <тауардың атауы> (бұдан әрі - Тауар) сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) мөлшеріндегі сомаға тендер өтінімін қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және төлейді, ал Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Тауардың бірлік бағасына, атауына, санына, жинақтылығына сәйкес Тауарды жеткізуге өзіне міндеттеме қабылдайды.

1.3. Шартта төменде келтірілген ұғымдардың келесі түсіндірмелері болады:

1) Шарт - Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және Қағидаларға сәйкес Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің арасында Тапсырыс берушінің жұмыс істеуін, сондай-ақ функцияларын не жарғылық қызметін орындауын қамтамасыз ету үшін тауарды жеткізу туралы жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

2) Тауар - 1.1-тармақта Шартта көрсетілген заттар.

3) Автожанармай құю станциясы (бұдан әрі - ЖМҚС) - тауарды сақтауды және бөлшек саудада өткізуді қамтамасыз ететін жабдықпен жарақтандырылған, Алматы қаласының аумағында орналасқан технологиялық кешен болып табылатын автожанармай құю станциялары, онда электрондық картаға тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес электрондық картаны көрсету арқылы тауарды алуға құқылы;

4) Электрондық карта - Жеткізушінің автожанармай құю станцияларында тауардың көлемі, таңбалануы және түрі туралы ақпаратты қамтитын және автожанармай құю станциялары арқылы тауарды сатып алу үшін литрлік номиналмен не ақшалай номиналмен қамтамасыз етілген кіріктірілген электрондық микросхемасы (чип) бар тауарды беруді есепке алудың дербестендірілген техникалық құралы болып табылатын пластикалық карта. Тауар электронды терминалдардың көмегімен толтырылады;

5) Өтінім - Тапсырыс берушінің тауардың көлемі, таңбалануы және түрі туралы ақпаратты қамтитын жазбаша өтініші (шартқа 2-қосымша);

6) Литрлік әмиян - Тапсырыс берушінің Шартты дербес шоты, оған осы Шартта белгіленген тәртіппен ЖМҚС-қа электрондық карта иесіне беруге жататын тауардың белгілі бір түрі мен саны есепке алынады;

7) "ЖСН код" - АЖС-да орнатылған электрондық құрылғылар арқылы транзакцияны жүргізу кезінде оны сәйкестендіру үшін қызмет ететін электрондық картаның дербес сәйкестендіру нөмірі;

8) "Транзакция" - электрондық карта иесі ЖМҚС-ға ұсынған кезде Жеткізушінің өкілі жүргізетін, ақшалай қаражатты есептен шығаруды білдіретін электрондық картамен жасалатын операция.

1.4. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда көрсетілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) Осы Шарт;

2) Техникалық сипаттама (Шартқа 1-қосымша).

1.5. Шарт шеңберінде жеткізілетін тауар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе одан жоғары болуы тиіс (Шартқа 1-қосымша).

## **2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ**

2.1. Шарттың жалпы сомасы *<ҚҚС қоса есептегенде>* \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын ( \_\_\_ теңге \_\_ тиын) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын ( \_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі Тауар құны, *<және \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын ( \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса)>* кіреді.

Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Тауарды жеткізуге байланысты барлық шығындары кіреді.

Шарттың Жалпы сомасы Тауардың бірлігіне бағаны өзгертпестен сатып алынған тауарлардың нақты санына байланысты азаюы мүмкін. Осыған байланысты Тараптарға Шартқа қосымша келісім бекіту талап етілмейді.

Жеткізілген Тауардың нақты саны Тауарды қабылдау-өткізу актісінде (бұдан әрі - Акт) көрсетіледі.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Белгіленген тәртіппен ресімделген және пайдаланылған тауар бойынша жиынтық есеп (келесі айдың 5-і күнінен кешіктірмей), Тапсырыс берушіден тауарға ұсынылған өтінімге сәйкес жеткізушіден электрондық шот-фактураны, жүкқұжатты және тараптардың жауапты тұлғалары қол қойған тауарды қабылдау-беру актісін (бұдан әрі - Акт) алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде тауардың нақты өткізілген көлемі үшін әр айдың соңында кезең-кезеңімен.

электрондық карталардағы 1 (бір) литр тауардың құны ҚҚС сомасын ескере отырып, тапсырыс беруші жүтінген күні автожанармай құю станциясындағы 1 (бір) литр тауардың нақты құнын

құрауы тиіс. Автожанармай құю станцияларында бағаның өсуі кезінде (қысқы) дизель отыны 1 литрінің бағасы \_\_ ( \_\_ ) теңге \_\_ тиын 1 (бір) литрге аспауға тиіс.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша \_\_\_\_ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып, Тапсырыс беруші қабылдайды.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

#### **3.1. Тапсырыс беруші:**

- 1) Жеткізушіге Тауарды жеткізу барысын, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санын бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғалар туралы хабарлауға;
- 2) Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізуші жеткізген Тауарды Акт негізінде қабылдауға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға;

#### **3.2. Тапсырыс беруші:**

- 1) Тауарды қабылдау-өткізу процесінде Тауардың сапасына және санына оның техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін растау үшін тексеруді жүзеге асыруға;
- 2) Жеткізушінің жеткізген Тауардың саны мен сапасына, Тауардың жеткізу барысын бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғаларды тағайындауға;
- 3) Тауарды қабылдау-өткізу барысында <толықтыру> \_\_\_\_\_ кемшіліктер, ескертулер, толықтығына және (немесе) моделіне сәйкессіздіктер, олқылықтар қателер, іркілістер <толықтыру> \_\_\_\_\_ (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, оны жаңа, бағасы бойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыруды немесе ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге, не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту жібере отырып, Тауарды қабылдаудан және оған ақы төлеуден бас тартуға;

- 4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және өз ұйғарымы бойынша, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болғанда Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін ұзартуға;
- 5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 6) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

### **3.3. Жеткізуші:**

- 1) Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген санда, мерзімде және талаптарға сәйкес тиісті сападағы Тауарды жеткізуге;
- 2) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жойылу, бүліну немесе кездейсоқ бұзылу тәуекелін көтеруге;
- 3) Тауарды қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды <толықтыру> \_\_\_\_\_ анықтаған жағдайда, оларды Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асыруға;
- 4) кепілгердің (Жеткізуші) міндеттемесін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны беру арқылы Тараптардың уәкілетті тұлғаларының Актіге қол қою күнінен бастап 12 айдың ішінде Тауардың сапасына кепілдік беруге;
- 5) Шарттың әрекет ету мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;
- 6) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 8) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара басқа біреуге бермеуге;
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 10) Тапсырыс беруші электрондық карталарды ашуға өтінім берген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге электрондық карталар мен ЖСН-кодтар беруге міндетті. Картаның ЖСН-кодын Тапсырыс берушінің қалауы бойынша тек жеткізушінің орталық кеңсесінде өзгертуге болады;
- 11) Тапсырыс берушіге есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен бастап ай сайын ЖЖМ нақты таңдалған саны үшін электрондық карталар бойынша үзінді көшірмелер мен салық шот-

фактураларын ұсыну;

12) Тапсырыс берушіден электрондық картаны бұғаттау немесе бұғаттан босату туралы өтініш алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің өтінішінде көрсетілген электрондық карталарды бұғаттау/бұғаттан шығару;

13) 3.1-тармақтың 7) тармақшасына сәйкес жоғалған/жарамсыз болып қалған электрондық карталардың құнын Тапсырыс беруші төлегеннен кейін, жоғалған/жарамсыз болып қалған электрондық карталардың орнына Тапсырыс берушіге жаңа электрондық карталарды беру.  
Шарт;

14) Тапсырыс берушіден электрондық картаны ақшалай номиналдан литрлік номиналға ауыстыру туралы жазбаша өтініш алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде не керісінше, өтінішке сәйкес Тапсырыс берушінің электрондық картасын ақшалай номиналдан литрлік номиналға аудару не керісінше, электрондық карта бойынша берешек болмаған жағдайда;

15) техникалық ерекшелікке, Қазақстан Республикасында белгіленген стандарттарға және шарттың талаптарына сәйкес келетін тиісті (жоғары) сападағы тауарды жеткізуді жүзеге асыруға;

16) Шарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде тауардың сәйкестігі туралы декларациялардың нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынуға міндетті;

17) Тапсырыс берушіге акт негізінде шартпен белгіленген мөлшерде және мерзімдерде тауарға электрондық картаны беруге міндетті;

18) Тапсырыс беруші ұсынған тауарға арналған электрондық карталарға сәйкес Алматы қаласында орналасқан автожанармай құю станцияларында Тапсырыс берушінің автокөлігіне сапалы жанармай құюды уақтылы және толық көлемде жүргізуге;

19) кепілгердің міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беру арқылы Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде жеткізілетін тауардың сапасына кепілдік беруге;

20) Тапсырыс берушіге тауарды жеткізудің ықтимал кідірісі туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға, бұл ретте тауарды кідірту 2 (екі) жұмыс күнінен аспауға тиіс;

21) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, тапсырыс берушіден алынған құпия, банктік, коммерциялық және басқа да ақпаратты жария етпеуге және құпияда сақтауға міндетті;

22) Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша шарт бұзылған жағдайда, нақты орындалған міндеттемелерді қоспағанда, Тапсырыс беруші жүргізген төлем сомасын қайтаруға;

23) Тапсырыс берушіге әрбір электрондық карта бойынша күнделікті есепті және ай сайынғы есепті (келесі айдың 5-күнінен кешіктірмей) салыстырып тексеруге ұсынуға міндетті;

24) шартқа қол қойылғаннан кейін электрондық карталарды өз есебінен ұсынуға міндетті;

25) электрондық карталарды пайдаланудың ыңғайлылығы үшін әрбір карточка бойынша Тапсырыс берушінің жазбаша өтініміне сәйкес лимит белгіленсін;

26) Тапсырыс берушіні тартпай өз қаражаты есебінен Тапсырыс берушіге зиян келтіру не шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Жеткізушінің кінәсінен бұзушылықтарға жол беру себебі бойынша қойылатын үшінші тұлғалармен (үшінші тұлғалардың талап-арыздары және/немесе наразылықтары) даулы мәселелерді дербес шешуге.

#### **3.4. Жеткізуші:**

1) Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауар үшін төлем алуға.

2) Тауар бірлігінің бағасын өзгертпей жақсартылған сапалық сипаттамалары бар Тауарды жеткізуге **құқылы**.

#### **4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ, ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

4.1. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі/күні - Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 2023 жыл ішінде.

4.2. Тауарды жеткізу орны: Алматы қ.

## **5. КЕПІЛДІКТЕР**

5.1. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 12 айдың ішінде Тапсырыс берушінің ұсынған нысаны бойынша кепілгердің міндеттерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны ұсыну арқылы Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.

5.2. Кепілдік мерзімі ішінде жеткізілген тауарда ақаулар анықталған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде оларды өз есебінен жоюға немесе ақаулы тауарды бағасы мен тиісті сапасы жағынан ұқсас жаңасына ауыстыруды жүзеге асыруға міндеттенеді (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) тауар.

5.3. Ауыстырылған Тауардың немесе ақаулары жойылған Тауардың кепілдік мерзімі ақаулар жойылған немесе ақаулы Тауарды ауыстыру жүзеге асырылған мерзімге ұзартылады.

5.4. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауы бар Тауардың ақауын жоя алмаған немесе жаңа, бағасы бойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыра алмаған/ауыстырудан бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

## **6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен, Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1 - тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда шарттың жалпы сомасы 100 АЕК - ке дейін болғанда - 1% - дан (бір пайыз) кем емес, шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-тен жоғары болғанда - 0,5% - дан (нөл бүтін оннан бес) кем емес тауарды жеткізу күнін қоса алғанда, кешіктіру күні, бірақ 5% (бес пайыз) артық емес мөлшерде өсімпұл Шарттың жалпы сомасы;

2) ақаулы тауарды ауыстыру мерзімі бұзылған немесе ақаулар жойылған жағдайда, ақаулы тауарды бағасы мен тиісті сапасы жағынан ұқсас (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа тауарға ауыстыру күнін қоса алғанда, әрбір күнтізбелік кешігу күні үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл салынады. тауар немесе тауардағы ақауларды жою, бірақ шарттың жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайды.

6.3. Егерде ақауларды жою және (немесе) ақауы бар Тауарды жаңасына, бағасы және тиісті сапасы бойынша ұқсасына (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда:

- тауарды қабылдау-беру процесінде толықтыру Жеткізуші ақаулы тауар құнының 20 % (жиырма пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді;
- кепілдік мерзімі кезеңінде Жеткізуші ақаулы тауардың құнынан 20% (жиырма пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді және Тапсырыс берушіге ақаулы тауардың құнын қайтарады.

6.4. Шарт бойынша төлем мерзімін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ төлеуге тиіс сомадан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Тараптардың бірі шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, құпия ақпаратты ашқан Тарап екінші Тарапқа шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші Жеткізушіден тапсырыс берушіден алынған құпия ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

.

.

## **7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ**

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

## **8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)**

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

## **9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

## **10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ**

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 2.1-тармағының үшінші бөлігінде және 10.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3 Тапсырыс беруші мына жағдайларда:

1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзушылықтар анықталған;
- 4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылғанда. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 6) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

## **11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ**

11.1. Шарт тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

## **12. ШАРТ ТІЛІ**

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

## **13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР**

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

## **14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

**Тапсырыс беруші:**

**Жеткізуші:**

<Тапсырыс берушінің толық атауы>  
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы >  
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы >  
<Тапсырыс беруші нің ЖСК >  
<банк атауы>  
<Тапсырыс берушінің БСН>  
<Тапсырыс берушінің БСК>  
<Тапсырыс берушінің БЕК>  
**Тапсырыс беруші атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О. (қолы)

<Жеткізушінің толық атауы>  
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>  
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>  
<Жеткізушінің ЖСК>  
<банк атауы>  
<Жеткізушінің БСН>  
<Жеткізушінің БСК>  
<Жеткізушінің БЕК>  
**Жеткізуші атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

# ДОГОВОР

<идентификационный номер>

## о закупках

<наименование товара>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок <наименование товара> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

### 1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок \_\_\_\_\_ разместил объявление о проведении закупок <наименование товара> (далее - Товар) способом тендера и принял тендерную заявку Поставщика на сумму \_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство поставить Товар в соответствии с ценой за единицу Товара, наименованием, количеством, комплектностью, указанными в технической спецификации, в срок и на условиях, предусмотренных Договором.

1.3. В Договоре ниже перечисленные понятия будут иметь следующие толкования:

